

**Халықтың нысаналы топтарын жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау бойынша шаралар туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 12 мамырдағы N 122 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Риддер қалалық әділет басқармасында 2010 жылғы 17 маусымда N 5-4-136 тіркелді. Күші жойылды - Риддер қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 28 желтоқсандағы N 1352 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Риддер қаласы әкімдігінің 2011.12.28 N 1352 қаулысымен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 5, 7 баптарына сәйкес, жұмысқа орналасуда қиындықтары бар халықтың нысаналы топтарын әлеуметтік қорғау бойынша қосымша шараларды белгілеу мақсатында, Риддер қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1 . Б е к і т і л с і н :**

1) осы қаулының 1 қосымшасына сай әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру бойынша Нұсқаулық;

2) осы қаулының 2 қосымшасына сай кәсіптік оқытуға жіберілген жұмыссыз азаматтардың тамақтану және медициналық куәландыру шығындарын өтеу бойынша Нұсқаулық.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары С.В. Кагармановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі және 2010 жылдың 01 сәуірінен туындаған қарым-қатынастарға таралады.

*Риддер қаласының әкімі Д.Ю. Кавригин*

Риддер қаласы әкімдігінің  
2010 жылғы 12 мамырдағы  
№ 122 қаулысына  
№ 1 қосымша

# **Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру бойынша Нұсқаулық**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Нұсқаулық нысаналы топтарға жататын жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру, әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынған жұмыс берушілерді іріктеу мәселелері бойынша халықты әлеуметтік қорғау саласында заңнаманың қолданылуын нақтылайды.

2. Әлеуметтік жұмыс орындарында жұмыс істейтін тұлғалардың еңбек және басқа да қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен р е т т е л е д і .

3. Әлеуметтік жұмыс орындары нысаналы топтардағы жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін, олардың еңбек ақысын жұмыс берушіге бөлшектей өтеу арқылы, жұмыс берушілердің «Риддер қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – Бөлім) ш а р т ы н ы ң негізінде құрылады.

4. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынған жұмыс берушілерді іріктеу келесі критерийлер бойынша жүргізіледі:

1) әлеуметтік жұмыс орындары арнайы нысаналы топтардағы жұмыссыздарға а р н а л у ы т и і с ;

2) әлеуметтік жұмыс орындарында жұмыс істеу уақытша сипатқа ие және оны ұйымдастыруға тұрақты жұмыс орындары мен бос жұмыс орындары қ о л д а н ы л м а й д ы .

5. Жұмыс беруші мақсатты топтардағы жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орындарына Бөлімнің жолдамасы бойынша жұмысқа қабылдайды, жолдаманың қималы талонын толтырады және оны бес жұмыс күні ағымында Бөлімнің мекен ж а й ы н а ж і б е р е д і .

6. Азаматты әлеуметтік жұмыс орынына қабылдағанда жұмыс беруші онымен Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес, Бөліммен шартта көрсетілген мерзімге еңбек шарт жасайды.

## **2. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру көздері мен шарттары**

7. Әлеуметтік жұмыс орнына жұмысқа қабылданған нысаналы топтарға жататын жұмыссыздың еңбекақысы ай сайын жұмыс берушінің еңбекақы төлеу қорынан, жеке еңбек шартының жағдайларына сәйкес және орындалатын жұмыстың көлеміне, сапасына және қиындығына байланысты жүзеге асырылады



### 3. Шығынды өтеу мөлшері және төлеу

6. Медициналық куәландыру үшін шығынды өтеу, құжаттармен расталған тексеруден өту құнының мөлшері бойынша жүргізіледі.

7. Тамақтануға шығынды өтеу айына бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жүргізіледі.

8. Шығынды өтеу халықты жұмыспен қамту Бағдарламасын орындауға қарастырылған қалалық бюджет қаражатының есебінен, өтініш берушінің дербес шотына аудару жолымен жүргізіледі.

9. Тамақтануға шығынды өтеу ай сайын жүргізіледі.

10. Медициналық куәландыруға шығынды өтеу құжаттарды ұсынғаннан кейін бір ай ішінде жүргізіледі.